

Тексерілді   
Әдіскер: Уразалина Г.Б.

Бекітемін   
Менгеруші: Курманова Л.Б.

# «Менің Республикам- Қазақстан!»

(танымдық «с-әрекет»  
Ортаңғы «Жұлдыз-ай» тобы

Тәрбиеші: Бурханова Р.Х

Қазан 2022 жыл

**Тақырыбы:** «Менің Республикам-Қазақстан!»

**Мақсаты:** Балалардың өз Отаны, елі туралы білімін кеңейту. Отанымызды, туған жерімізді сүйуге, еліміздің рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын дамыту.

**Құрал жабдықтар:** рәміздер суреттері, «Астана» туралы презентация, Қазақстан картасы

Балаларды жартылай шеңберге тұрғызып:

Армысын көк аспан,

Армысын жер ана.

Армысын жан досым

Жылуыма жылу қос

-Балалар бүгінгі іс –әрекетіміз Қазақстан Республика күніне арналады. Орнымыздан тұрып, қолымызды кеудемізге қойып, гимнді айтайық.

Балаларға сұрақтар қойылады:

-Балалар біздің ұлтымыз кім?



-Біз қай тілде сөйлейміз?

-Біз қай Республикада тұрамыз?

-Бас қаламыз қай қала?

-Балаларымыз Республика күніне арнап тақпақтарын айтады.

**«Отаным менің Қазақстан»**

**Жансен:** Отаным менің Қазақстан

Мәңгілік сенімен мақтанам.

Саянда жүрсем әрдайым

Күлімдеп жүрем бақ табам.

Отаным менің Қазақстан

Қарызбын саған әрқашан.

Азаматтық борышты,

Өтеуге мәңгі талпынам.

Отаным менің Қазақстан

Атыңнан сенің айналам.

Бас иіп саған өтемін,

Жасай бер жаса Қазақстан

**Шаһар:**

Отан-жерім,

Отан-суым

Отан мәңгі гүлденеді

**Мирас:** Отан жерім, Отан-суым,

Отан қуат нәр береді.

Отан-ұран, Отан туым,

Отан мәңгі гүлденеді.

## «Менің Отаным-Қазақстан»

Каусар: Отан- сенің ата-анаң,  
Отан- досың бауырың,  
Отан-өлкен, астанаң,  
Отан-аудан, ауышың.

Әмина: Отаным менің-Қазақстан

-Балалар мына суреттен нені көріп тұрсындар?

- Мемлекеттік Ту;

-Тудың түсі қандай? Ненің бейнесін көріп тұрсындар. Сабына бекітілген тұста нені көріп тұрсындар?

Көгілдір түс бейбітшілік белгісі. Тудың ортасында жарқырап шыққан күн. Күннің астында қалықтап ұшқан қыран құс бейнеленген. Дала құсы – дарқандық пен биік самғау белгісі. Өрнек қазақ халқының салт – дәстүрін, мәдениетін және ұлттық өнерін білдіреді. Күн, қыран құс, ою – өрнек алтын түспен берілген. Алтын түс – молшылық белгісі. Туды өлен жолдарымен де жеткізуге болады



**Көзайым:** Туымызға көгілдір  
Бір карамай өтпейміз  
Сол көк тудың астында  
Көгереміз көктейміз.

-Ал мынау ненің суреті?

-Мемлекеттік Елтаңба

-Балалар елтаңбадан ненің бейнесін көріп тұрсындар.

-Шаңырақ, жұлдызша, қанатты тұлпар, күн шеңбері.

-Иә, өте дұрыс айттындар

Тәрбиеші: -Балалар шаңырақ бірлікті, татулықты білдіреді, қанатты тұлпар қажымас қайраттың, жеңіске деген жасымас жігердің белгісі. Ал бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі, жол нұсқайтын жарық жұлдызы. Төменгі жағында «Қазақстан» деген жазуы бар

**Дидактикалық ойын: «Кім шапшаң?»**

Ол үшін алдын ала қиылып қойылған сары түсті қиылған күн, қыран бүркіт, оюлар және көгілдір түсті тіктөртбұрышты қиықтары беріледі. Туды құрастыру қажет.

-Балалар қанекей, көк туымыз мәңгілікке асқақтап, желбірей берсін деген ниетпен, сендерге жалаушыларды таратып беремін.



**Нариман:** Құт береке шаңырақ  
Орын алған ол төрден  
Қанатты құс арғымақ  
Екі жақтан көмкерген.

-Балалар Ту, Елтаңба, Гимн бір сөзбен рәміздер деп айтылады

-Балалар біздің бас қаламыз қай қала?

-Астана қаласы.

-Астана-ол бас қаламыз. Астанамыз қазір үлкейіп, өркендеп келеді. Көшелері кең, онымен көп машиналар, тролейбустар, автобустар жүреді. –

Астанада Президенттің сарайы бар. Президент Қ.Тоқаев сол жерде қызмет істейді, шет ел басшыларын қабылдайды. Мынау Қазақстанның Тұңғыш –

Президентінің мұра жайы. Ал мынау ғибарат Астанадағы «Нұр -

Астана» мешеті. Мынау ғибараттар сол жерде орналасқан Астанада әсем, биік үйлер салынып жатыр, Астанамыз көркейіп келеді.

Тәрбиеші: Қазақстан біздің Отанымыз дедік. Сендер үлкен болып өскенде Отанымызды қорғайтын азамат боласындар, Отан үшін еңбек етесіңдер ме?

**«Туған жер» ойыны.**

(Балалар алдын ала суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдерді алып, әуен ырғағымен жүріп Қазақстан картасына апарып гүлдерін орналастырады)

–Балалар,Туған жерді гүлдендірер ұл-қызы  
міне,сендерсіңдер

Еліміздің келешек тағдыры,Қазақстан  
ертеңі өз қолдарыңда.Туған елдеріңді  
өркеннетті мемлекеттермен терезесі  
тең,керегесі кең ететін сендерсіңдер.Ол  
үшін терең ,әрі жан-жақты білімді болу-  
міндеттерің.



Әні: «Отаным»

